

Қарттар күніне арналған іс-шаралардың өткізілуі бойынша АНЫҚТАМА

1 қазан – Халықаралық қарттар күні. Қазақстанда да жыл сайын бұл күн қарттарымыздың ғұмыр бойы істеген еңбектеріне, әрі мемлекетіміздің қалыптасуына қосқан зор үлестеріне сай сый-құрмет көрсетіледі.

Қашанда үлкенді сыйлау, қарияны құрметтеу дәстүрі – қазақ халқының ата салты екені белгілі. Елімізде қарт адамдарға деген ықылас жыл сайын артып келеді.

Мектебімізде қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік тұрғыда қолдау бойынша іс-шаралардың жоспары жасалып, бекітілді.

1 қазан күні 1-11 сынып оқушыларының арасында «Қарттарым – асыл қазынам», «Ақылды қария-ағып жатқан дария» тақырыптарында онлайн түрінде сынып сағаттары өткізіліп, әңгімелер жүргізілді.



<https://www.instagram.com/tv/CFyJlYOHcKODeMJjOvFuZJNij0JUZKgv1yQyjs0/?igshid=qtwtpirqpf13>

1-4 сыныптар аралығында «Портрет моей бабушки», «Менің сүйікті әжем мен атам» тақырыбында суреттер сайысы өтті. Жауапты мұғалімдер Мукашева А.А. мен Жахина З.М. ең үздік суреттерді іріктеп, мектептің инстаграм парақшасына жариялады.

Оқушылар «Дедушке и бабушке с любовью» тақырыбында өздерінің аталары мен әжелері туралы видеороликтер жасады. Бұл іс-шараға оқушылар өте белсенді қатысты. Олар видеоролик арқылы аталары мен әжелерін мерекемен құттықтады.



<https://www.instagram.com/tv/CFwvGYxAfE7XvIhVNqXf0yJHEfQManI2uZwxmQ0/?igshid=asr2y7lt3cd3>

«Менің сүйікті әжем», «Менің сүйікті атам» тақырыбында 5-7 сынып оқушыларының арасында шығарма сайысы өтті. Бұл сайысты Карамандинова А.М. мен Балғожа З.Р. ұйымдастырды.

1 қазан күні мектебіміздің еріктілер тобы зейнеткер қарттарды құттықтап, үйлеріне барып, азық-түлік себетін сыйлады. Сонымен қатар мектепте жұмыс істеп, зейнетке шыққан қарттарымызға арнап видеоролик жасап, олардың жеке ватсап парақшасына жолдап, құттықтадық.



https://www.instagram.com/p/CFwjdR2sT7-GMV6m925fYyFXJCGaYki9D_0Tag0/?igshid=kp0r62n2frr2

Өткізілген іс-шаралар мектептің инстаграм парақшасында жарияланды.

Орындаған: Ибраева А.Н.